

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№8			
Күндері		18 - 22.10.2021			
Өтпелі тақырыптың атауы		Жыл құстары / Перелетные птицы / Migratory of birds			
Мекеменің атауы, тобы		«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы			
Педагогтің аты-жөні		Байсакалова Ш.Ж.			
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы".				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орнын, сүретін көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарындағы ойыншықтарды тізімдеп қоюға шақыру; еңбектің нәтижесі ретінде балапанның балаларға келуіне көңіл аудару.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарына көңіл аудару, шаңын сүрту; жапырақтардың түсі жасыл екендігіне, құстардың жасыл өсімдіктерді ұнататынына көңіл аудару.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындарының бұрышындағы шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызын іс-тәжірибеде көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарындағы торғайға көңіл аудару, қандай қимылдар жасайтынын, дыбыстарды шығаратын сұрау.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Өтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова	"Балапандарды құс қорасына жинайық" ойыны. Мақсаты. Баланың өз ойыншығын "балапан" деп атап, (тағы басқа баланың жанында отырғанда, онымен бірігіп) ойыншықты үстел үстімен жүргізіп, "құс қорасына" кіргізуге ынталандыру; алғашқы әлеуметтік қатынасу қабілеттерін қалыптастыру. Педагог балаға балапан ойыншын беріп, құрылыс материалдарынан немесе лево материалдарынан жасалған "құс қорасына" кіргізуді ұсынады. Балалар балапан ойыншығын атап жатады. Балапан ойыннан шаршады, Балапанның қарны ашыды. Не айтамыз балапанға? - Анаң күтіп қапты, Бас аяқты!	Балапан ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; балапанның тауықтың баласы екені туралы ұғымдар қалыптастыру. - Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? Суға бірге барайық, Саған бидай шашайық! Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ, Қанатыңды соқ-соқ-соқ.	Пішін салғыш ойыншықпен ойын. "Тауық" Мақсаты. Баланың ойлау қабілеттерін, қолдың моторикасын дамыту. - Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын жинайық, Ұяларға сай салайық. - Тауықтың ішіне не жасырылған? - Қандай пішіндерді жинап алған?	"Торғай не істейді?" ойыны. Мақсаты. Балаларды құстың қимылдарына қарап, не істеп жатқанын бір сөзбен жеткізіп (отыр, ұшты, шоқыды) немесе қимылмен көрсетуге ынталандыру; құстардың тіршілігі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог торғайды отырғаны, дән шоқып тұрғаны, ұшқаны туралы суреттерді дайындап қояды. Балалар, сурет көрсетілген және сұрақтар қойылған кезде, жауаптарды қайтарады. - Торғай бізбен ойнайды, Торғай бізден сұрайды: - Мен не істедім? Жауап беріңдер, Орындарыңнан тұрып, көрсетіңдер.
Таңғы жаттығу (5мин)		Кешенді жаттығулар			

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. - Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық.
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулар Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Күн суық, Жаңбыр жауады. Жылы жаққа құс ұшады, Қанаттарын кең жаяды, "Қош!" - деп айтады. "Қош!" - деп айтады.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Сары балапан". Мақсаты. Балаларды қарындаш жуандығындай таяқшаны үш саусақпен ұстап, сорғышқа оралған ұшын сары гуашь бояуына малып, балапан кескіні бойымен біркелкі қимылдармен жуан дақтарды қойып балапан сұлбасы ішін толық бояуға үйрету; балапан образын сақтау үшін өз қимылдарына бақылау жасап, кескін аясынан шығармауға дағдыландыру; бояудың бітуі туралы ұғымдар бере отырып бояуға қайта малу амалдарын көрсету; сурет аяқталған соң таяқшаны тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; балапан денесі үлгілдеген мамыққа толы екені туралы ұғымдар беру. <i>"Балаландар" қозғалыс ойыны.</i> Дене шынықтыру. "Торғай секіреді". Мақсаты. Балаларды заттардың үстінен екі аяқпен секіруге үйрету; заттардың үстінен екі аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділігін қалыптастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыру.Заттар үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегі секіру қабілеттерін жетілдіру; секіру туралы ұғымдарын кеңейту; заттарды құлатпай екі аяқпен аттап секіруге дағдыландыру. Балаларды заттардың үстінен екі аяқпен секіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу; оқу қызметі кезінде достық, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; құстарды қорғау және аялау сезіміне баулу. <i>"Маған қарай секіріңдер" ойыны.</i>	Көркем әдебиет. "М. Мақатаевтың "Сап-сары жапырақтар" өлеңі". Мақсаты. Балаларды М. Мақатаевтің "Сап-сары жапырақтар" өлеңінің үзіндісімен таныстыра отырып, күз мезгілінің құбылысы мен жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру; күздің құбылыстарын көркем сөзбен бейнелеуге жаттықтыру. <i>"Күздің бояулары" рефлексиясы.</i> Музыка. "Торғайсың, тынбайсың!". Мақсаты. Балалардың құстар туралы музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкадағы әсемдік пен нәзіктікті шынайы қабылдай білуге тәрбиелеу. <i>"Торғайдың тамағы" музыкалық - дидактикалық ойыны.</i>	Құрастыру. "Балапанға саты". Мақсаты. Балаларды кірпіштен балапанға саты құрастыруға үйрету; кірпішті бір-біріне жалғап қосып, кірпішті бірінің үстіне бірін қойып, саты құрастыра білуге дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай балапанға саты жасауға жаттықтыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс жасау мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және байқағыштығын дамыту. <i>"Балапанға саты" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Көңілді секірейік!" Мақсаты. Педагог балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: "Торғайға ұқсап көңілді секірейік!", "Бәріміз епті баламыз!", "Бәрекелді!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. <i>"Көңілді секіреміз" ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Көлдегі үйректер". Мақсаты. Балаларға үйрек туралы ұғым бере отырып, тілін, үй құстарына деген эмоциялық қабылдауын дамыту. <i>"Үйректі салайық" дамытушы жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Торғай секілді секірейік". Мақсаты. Педагог балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: "Күн бүгін тамаша!", "Торғай секілді көңілді, жеңіл, әрі епті болайық", "Тамаша!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. <i>"Торғай секілді секіреміз" ойыны.</i>	Музыка. "Құстар әні". Мақсаты. Балаларды құстар тақырыбына қатысты музыканы тыңдап, қызығушылығын білдіруге ынталандыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін жетілдіру. <i>"Құстар ұясы" ойыны.</i>
--------------------------------------	--	--	--	--	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімддерін жүйелі шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Қайырлы таң!" мультфильмін көру. Мақсаты. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, үй жануарлары мен құстарды ажырату, атау қабілеттерін қалыптастыру.	"Қораз" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларға қораз (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санының сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар мен қандай құсты көрсетемін? - Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар. - Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова - Жарайсыңдар. - Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді.	Ойын-имитация. "Балапандар". Мақсаты. Балаларға балапандардың қимылдары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, қимылдарына еліктеуге қызықтыру; түйсікті, эмоцияларды дамыту. Балаларға балапандар маскаларын кигізу. - Балапандар! Балапандар! (орнында адымдау) Қалыспаңдар! Қайталаңдар! (орнында адымдау) Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде) Қанаттарды соғайық. (тізе сәл бүгүлі, алақанмен жаңбасан қағу) Оңға созып мойынды, (қолдар белде, оңға еңкейіп, мойын созу, қарама-қарсы аяқ түзу, ұшында) Солға созып мойынды, (қолдар белде, солға еңкейіп, мойын созу, қарама-қарсы аяқ түзу, ұшында) Екі аяқта тұрып, Бір созайық мойынды, (аяқтар ұштарына тұру, мойынды жоғары созу)	"Не қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуға үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға тырна, торғай дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерді айтқызады. Кейін аудиожазбаны тыңдатқан кезде, балалар тырналарды "у-у-у", торғайларды "шиық-шиық" деп дыбыстайды.	"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетіліген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. Балалардың көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар. - Мен "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	Өтеш (қораз) ойыншығымен ойнату. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова	"Құстар, қайтып келіңдер!" - Қимас өнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. Ескен Елубай	Саусақ жаттығуы. "Балапан". Сап-сары ойыншық, Дыбыстайды: Шиық-шиық. Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек.	Балапан ойыншығымен ойнату. - Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? Сұға бірге барайық, Саған бидай шашайық! Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ, Қанатыңды соқ-соқ-соқ.	Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді ұзу, жемді илеу амалын игерту. "Құстарға жем".
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын айтқызу және байқатудың маңызы".				

Тексерген: М А

